

Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету іс-шаралар өткізуге жауапты тұлғаның міндеттері

1. Терроризмге қарсы қорғалудың нормативтік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету:

Меңгерушінің терроризмге қарсы қорғалу, физикалық күзетті ұйымдастыру, кіргізу және объектішілік режимдер мәселесі бойынша ұйымдық-өкімдік жоспарын орындау;

2. Білім беру ұйымы білім алушылары мен жұмыскерлерінің терроризмге қарсы қорғалу мәселесі бойынша нұсқаулықтары мен жаднамаларын дайындау;

3. Білім беру ұйымының терроризмге қарсы қорғалу жүйесін жетілдіру бойынша балабақша меңгерушісінің ұсыныстарын енгізу.

2. Білім беру ұйымына заңсыз кіруге кедергі келтіру жұмысын ұйымдастыру:

- заңсыз кірудің алдын алу, анықтау және оның себептерін жою бойынша шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;
- кіргізу және объектішілік режимді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- білім беру ұйымының ақпараттық ресурстарын рұқсатсыз пайдаланудың алдын алатын шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;
- терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету шараларының орындалуын бақылау;
- білім беру ұйымының аумағы мен үй-жайларын бақылау мен аралауды күнделікті бақылау.

2. Терроризмге қарсы қорғалу мәселесі бойынша жұмыскерлерді дайындауды ұйымдастыру:

- терроризмге қарсы қорғалу талаптары мен білім беру ұйымының қауіпсіздік мәселесі бойынша ұйымдық-өкімдік құжаттарының мазмұны туралы ақпараттандыру;
- ақпараттық стендтерді жабдықтау және төтенше жағдай туындағанда эвакуациялау жоспарын, апаттық-құтқару қызметтерінің, құқық қорғау органдары мен қауіпсіздік органдарының телефон нөмірлерін стендке орналастыру;
- білім беру қызметінде терроризм мен лаңкестік идеялогиясына қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша жеке жұмыс жүргізу;
- лаңкестік әрекет жасау қаупі төнген немесе жасаған жағдайда әрекет етуді үйрету;
- террористік акт жасау қаупі не жасалғаны туралы ақпарат алған кезде жұмыскерлерді, білім алушылар мен өзге тұлғаларды қауіпсіз әрі уақтылы эвакуациялау бойынша жаттығулар мен оқулар өткізу;
- террористік акт жасаудың моральдық-психологиялық салдарын азайту бойынша сабақтар өткізу;
- білім беру ұйымында уытты химикаттарды, уландырушы заттар мен патогендік биологиялық агенттерді қолдануды, соның ішінде оларды почта бөлімшелері арқылы алуды анықтау және алдын алу жұмысына дайындау;
- қауіпсіздік паспортында берілген таралымы шектеулі қызметтік ақпаратпен және терроризмге қарсы қорғалу туралы таралымы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс мәселесі бойынша лауазымдық тұлғаларды даярлау мен қайта даярлауды

ұйымдастыру.

3. Білім беру ұйымындағы лацкестік әрекеттің алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру:

- террористік әрекетке дайындық деректерін анықтау бойынша жөндеу және құрылыс жұмыстарының жүргізілуін бақылау;
- адамдар көп жиналатын іс-шараларды өткізу үшін қолданылатын үй-жайлардың жай-күйін бақылау;
- білім беру ұйымын күзету мен қорғауды қамтамасыз ету талаптарының орындалуын бақылау.

5. Таралымы шектеулі қызметтік ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету:

- қауіпсіздік паспорты мен өзге құжаттардағы қызметтік ақпараттың, соның ішінде терроризмге қарсы қорғалу бойынша қолданылған шаралар туралы таралымы шектеулі қызметтік ақпараттың таралуы мүмкін арналарын айқындау және алдын алу шараларын іске асыру және ұйымдастыру;

6. Терроризмге қарсы қорғалу мәселесі бойынша білім беру ұйымының мүддесін

қорғау:

- тексерулерге қатысу және қажет кезде қадағалау органдарына бару;
- ішкі істер органдарының бөлімдерімен, жергілікті атқарушы органдармен, білім беру ұйымындағы терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзге органдар мен ұйымдармен бірге жұмыс істеу;
- күзет ұйымының өкілдерімен білім беру ұйымын терроризмге қарсы қорғау мәселес жөніндегі ақпаратпен алмасу.

Міндетіммен таныстым:

Науржанов Ф. Н. 